

## ФИЛОЛОГИЯ

ӘОЖ 821.512.122.

*Мұхамбетқалиева Р.Қ.*

*ф.ғ.к., доцент,*

*М.Өтемісов атындағы БҚМУ, Орал қ.*

### ЕЛДЕСТІРГЕН ЕЛШІНІҢ ЖАУЛАРЫН ҚИСЫНМЕН АЛУЫНЫҢ ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨРІНІСІ

«...Рухы төмен ел мен қабілетсіз адам ғана басына іс түскенде қаруға бірінші болып жармасады...»[1] - деп М.Т.Цицерон айтқандай, белгілі бір мемлекеттің немесе жекелеген тұлғалардың солқылдақтығы мен әлсіздігінен толассыз қырғын соғыстарға жол беріліп келгендігі жалпыадамзаттық тарихтан белгілі және осы орайда талай қоғамдық шиеленістерді күдіретті сөздің күшімен-ақ шешудің барша амал-тәсілін меңгерген ойшылдың бұл пікірінің жаны бар.

Адамзат баласының болмыс-бітімінде алпауыт күштердің қай-қайсысынан да басым тұратын тегеурінді қасиеттерінің болатындығы және сол мүмкіндіктерді мейлінше пайдалана білмеуден көптеген ұлыстар мен қоғамдық қатынастардың жер бетіндегі тіршілік ету құқынан айырылып отырғандығы да рас.

Қайсыбір ұстанымы жоқ жеке адамдардың түсінісуден гөрі төбелеске бейім тұратыны секілді, белгілі бір қоғам да ел ішіндегі ушыға бастаған келеңсіздіктен гөрі оның дақпыртты қорқынышынан-ақ азып-тозып бітеді, яғни мемлекеттің өзін-өзі қатайтатын потенциалдарын дер шағында іске қоса алмай жатады. Әрине, халық бар жерде рухани-материалдық жетістіктердің де, ойласуға иек артар саналық өсіп-жетілу үлгілерінің де, әр халықтың ғасырлардан келе жатқан бейбітшілік пен бірлікті сақтауының да өзіндік төл дәстүрлерінің баршылығы ескерусіз қалады. Себебі, қазіргі өркениет заманында елдің немесе жекелеген адамдардың қиын жағдайлардан өз бойындағы ерекше қасиеттерімен шыға білген үлгілеріне арнайы мән беріліп, кейінгі ұрпаққа тереңнен жеткізіле бермейді, өзін-өзі қорғай білудің қадір-қасиеттері адам үшін ең қажетті мінез-құлық ретінде қалыптастырылып, оған психологиялық салмақ түсірілмей жатады. Сондықтан ел тарихы

мен даналығынан мақұрым қалған жеке адам мен қоғамдық ортаның әлсіз ұйымдастырылған құрылымы сырттан келген жаудың қандай әрекетіне де төтеп бере алмай, қиянаттың қай түріне де өз еріктерімен кең жол ашады, тіршілік көзінің динамикасын жасанды түрде жансыздандырады.

Қоғамдағы қауқарсыз, жұтаң мінезділердің, қорқақтар мен қай істе де нейтралитеттік бағытты ұстанатын жәдігөйлердің көбеюі – жалпы адамзаттың немесе өз ұлтының тарихындағы өзін де, өзгені де, одан қалды қалың елін де ешбір қарусыз-ақ қадір-қасиеттерімен қорғай білген бірегей жандардың жарқын үлгілерін бойға сіңірмеуінен деуге болады. Адамзат кей уақытта білгіштіктен емес, білместіктен, көзсіз батырлықтан емес, қорқақтықтан да түрлі асығыс әрекеттерге өзі бірінші болып барып жағдайсыздыққа ұшырап, шарасыздығынан құйтырқылық пен қарудың ырқына көнеді. Қорқақтықтың түбіндегі бұйыққан сенімсіздіктің кесірінен туындаған алмағайып жайлар туралы өз ұлтымыздың әдебиеті мен тарихында бір емес, сан мәрте ескертіліп, тіпті бұл мәселе халықтың ауызекі тарихнамалары мен халық шығармашылығының көптеген жанрларында арнайы көрініс тауып отырды. Мысалы қазақтың өз басында болмаса да, қарсылас жауының ішкі қорқынышын жасыра алмай, батырлығы өз жайында қалып, қазақ батыры Қарадөңге Қараменденің бір емес, үш рет кезексіз оқ атуы - бұл жалпы батырлыққа нұсқан келетін өлімнен де жазасы ауыр күнә. Қалмақ ханы жасының үлкендігін алға салып, кезекті бірінші болып алысымен:

Сонда қалмақ оқталды,  
 Қорамсаққа қол салды,  
 Қозы жауырын қу жебе,  
 Суырып оны қолға алды.  
 Садағын керіп тағы алды,  
 Сонда қалмақ оқ атты,  
 Бір атқанда үш атты,

Үш оқты бірден босатты... – және онысымен қоймай, қазақ батырының кезегін тағы да бермей жалма-жан:

Қарамендей қалмағың,  
 Жанына енді қол салды.  
 Суырып алды қылышын,  
 Қарадөңдей баланың,

Тарылтуға тынысын...[2] – деп суреттелетін жерінен «Қырымның қырық батырының» бірі – жас Қарадөңнің қарсыласы

Қараменденің іс-әрекеті батырлықтан гөрі жан үшін жанталасу кейпінде қалып, жалпы батырлық ұғымға көлеңке түсіруден әрі аса алмай қалады. Қалмақ болса да жасы үлкен ағаның дәрменсіз қарбаласы жағымсыз әсер тудырады. Ал қалмақтың қай әлегінің де ақырын күте білген Қарадөңнің қоршап тұрған сансыз қалмаққа татитын қайрат-күші батырлықтың барлық дәстүрімен салтанат кұратын жерінде:

Көптігіне сүйеніп,  
 Қалмақ сонда жапырды.  
 Ақ семсерін қолға алып,  
 Қарадөң батыр ақырды...  
 Қарсы келген қалмақты,  
 Қақ маңдайдан шабады.  
 Қарадөңдей батырдың,  
 Қабағынан қар жауды,  
 Екі көзден от жанды...  
 Батыр туған Қарадөң,  
 Ақ семсері жарқылдап,  
 Қара тұлпар үстінде,  
 Найзағай мен бұлттай,  
 Ортада жүріп ойнайды.  
 Сонда қалмақ қашады,

Қайтерін білмей сасады... – деген жолдардан намысын ерлікпен қорғаған батырдың бейнесі кім-кімнің де ұлттық мақтанышын оятады.

Ауызекі тарихнамадағы батырлар жырында көрініс тапқан халықтың бір мысалында: ауылын қорғайтын батыры жоқ кезде қорғанышсыз қалған бейбіт елді шауып кетіп батырсынған қалмақтың ханы Тайшықтан кек алуға келе жатқан Алпамысты қалмақ ханы түсінде көріп-ақ жүрегі жарыла жаздап:

- Ауызына қарасам,  
 Сұлуды таңдап сүйгендей.  
 Келбетіне қарасам,  
 Қамқапты зерлеп кигендей.  
 Қабағы қалың сол бала...  
 Атқа мінген бола ма?  
 Алдына шығып сол ердің,  
 Жылқысын берсем бола ма?  
 Қызымды берсем бола ма?...[3] – деп жаны ышқынады.

Алпамыс жас та болса мүдделі батыр болған соң, жан дүниесін елінің намысы өртеп, Тайшықтың ордасын талқандауға бет алады. Іс-әрекетінің салмағы жоқ, ішкі тіні әлсіз Тайшықтың қорғаншақ мінез-құлқы төнгелі тұрған қауіпті сезіп құты қашады. Ел басшысы бола тұра есіктен төрге жүгіріп, болатын жамандықтың бетін мезгілінен бұрын шақырып, ел-жұртын әуре-сарсаңға салады. Бұл да басшы болатын адамдардың бойына жат қылық болып саналғандықтан, халық бұл детальдарды да жырға бекерге қоспаған. Әдетте тек жақсылықтан ғана емес, адамзаттың жамандықтан да үлгі алып, кім-кімнің де шарасыздықты бойына жуытпау керектігін осындай көріністер арқылы там-тұмдап жеткізіп отырған.

Қазақтың ел қорғау тәжірибесінде қанды шайқастардың алдында саналық тайталасы бірінші жүрген. Соғыс өнерінің қай түрін де жетік меңгерген дала қырандары үшін әр бұта жау болып келсе де, жауына да адам ретінде дес беретін ел болғандықтан, әрдайым қарсыластарымен де адамша мәмлеге келуді мақсат тұтқан. Жау ортасына жалғыз түскен боздақтары да именшектемей, «батыр - бір оқтық» деген қағиданы ұстанып, тал бойындағы қорғаныс қабілетінің барлық түрін барынша пайдалана білген. Ол үшін жүйрік ойын да, сұқсұр тілін де, өнерін де аямай, қас жауларын тіксінтіп, тіпті сүйсінтіп те, төскейде малын, төсекте басын қостырып, елге аман оралып отырған. Оның жарқын мысалы халық ауыз әдебиетінде ас та төк. Қазыбектің ұлан кезіндегі қалмақ қоршауында қалған өзі құрпылас жас өрімдерді тегеурінді сөзінің күшімен арашалап алып, елге табыстағаны қисын емес, шындық.

Ал Қырым батырларының бірегейлері – Қарасай мен Қазидың қалмақтың ханы Батырханға бірінші болып кімнің аттанатынын ойласатын жерінде, бұл жорыққа ағасы Қарасай емес, інісі Қазидың барғанын дұрыс көріп, анасы екеуінің жауға айтпақ болған сөздерін сынауы арқылы шешімін айтады. Батырлардың батырлық қарымы алдыңғы буын аға батырлардың инициациясынан өткізілсе, батырлыққа құлшынтық болмысындағы саналық деңгейі мен ішкі дүниетанымын бағамдаудың да мәнінің зор болғандығы ерекше байқалады. Қазақтың: «Батырлық білекте емес, жүректе...» - дейтініндей, жауға барар батырдың өзінен бұрын жан-дүниесіндегі елжандылық сезімінің де шама-шарқы сыналатыны ғажап.

Қос батырдың анасының ұйғарымы бойынша інісі Қазидың қалмаққа бірінші аттанып, артында ағасы бардай, оның да жапырылған қалың әскермен артында келе жатқанындай етіп

сөйлегені жау жағын шынымен ойлантып тастайды. «Әуелі мынадай батыр інісін қаймықпай жіберсе, өзі одан да зор болғаны ғой» деген ұғым тудыру арқылы жауының пысын басатын далалық дипломатияның ерекше көрінісін жасайды. Арттағы ел ішінде жетістіріп айтатын жетелілер де, сақалын сыйлата алатын абыздар да, орда бұзар отыздар мен қылшылдаған қырықтардың да артылып жығылатынына қарамастан, қозы жасындағы Қазиды жіберулерінің мәнін жау ортасына жалғыз түскендегі Қазидың айтқан сөздерінен-ақ байқауға болады. Өзінің нендей мақсатпен келгендігін бастырмалататын жерінде :

Білейін деп шамаңды,  
Алайын деп еліңді,  
Сындырам деп беліңді,  
Оярмын деп екі көзіңді,  
Ағамның айтқанын етпесем,

Өлтіреді өзімді...[4] – деп, жау алдында өзі де батыр бейнесімен танылып қалса да, елінің ең күштілері артында қалғандай етіп, сол жерде қалмақтың есін алып, қаратүнек жасайды. Осыған қарап, қыпшақтар найзаның, сөздің күшімен ғана емес, ақылмен жасалынатын дипломатиялық, одан қалды шындыққа жанаспай жататын тұстарда қисынмен алып, стратегиялық жетістіктерге түрлі амал-шарғылармен де жетіп отырғандығын көрсетеді. Онысы: қарсы беттегі жауын жай алдай салу үшін емес, жаудың бетін үлкен қырғындардан аулақтатып, бүгінгіше айтқанда, психологиялық құрықтауға алып, екі жақтың да адам факторын қорғауға барын салған.

Ал XVIII ғасырдың 1797 жылдары тағдыры ат басындай алтынға тігіліп, Қаратай бастаған сұлтандардың қудалауымен ел-жұрттан айырылып, Хиуаға көшіп бара жатқан Сырым бабамыздың қолына түскен II Екатеринаның хатына жазған жауабы - нағыз елім деп еңіреген адал жанның ісіне лайық. II Екатеринаның хаттағы сұранысы қаншалықты құйтырқы болса, оған берген Сырым батырдың жауабы одан да асып түседі. II Екатеринаның жандайшаптары арқылы қазақтарға үсті-үстіне жіберген хатының талабы: Әмудария өзенін сатуды сұрайды. Өз қазағының тынымсыз қудалауымен үзеңгілестерінен айырылып, туған жерінен еріксіз кетіп бара жатқан Сырым II Екатеринаның талабын артында қалып бара жатқан қорғансыз халқына төнгелі тұрған зұлматқа балап, жалма-жан оған өз қолымен: «... Әмуді сатсақ сатамыз, қауғасын жарты тиыннан келіп ала бер, ал егер қоқандауыңды қоймасаң,

айтпады деме, қатын патша, Москванды басып алам!» [5] – деп, жауап жазады. Дәл сол мезетте Сырымның Москваны басып алмақ түгілі соңына шиырлап түсіп алған сұлтандардан көрген азабы шыдатпай жүрген-ді. Кейде ел жағдайы үшін еріксіз айтылатын жалған сөздің де саясатта өзіндік шешуші рөлі болғандығын байқаймыз. Сырым сұңғылалықпен II Екатеринаның ішкі ойын өте жақсы түсініп, оның Әмударияның қауғалап алатын суын емес, қазақ жерін көктей өтіп, Сыр бойына дейінгі аймақты түгелдей меншіктеуге бет алған жымысқы жоспарын сезеді де, Хиуаға сапарының алдында бұрыннан торғауыттар мен оймауыттардан босап қалған жерлерді жедел қазақ руларына қалауларынша бөліп береді. Сырым халыққа жердің жақсы-жаманының болмайтынын жете түсіндіріп, рулық ұжымын ұйыстырып, батыс өлкесінің қазақы географиясын өз қолымен жасап кетеді. Кейіннен II Екатерина да қазаққа қарай хат боратуын тоқтатады, себебі Сырым секілді қазақ арасына беделді адамның сөзі оны шынымен сескендіреді, ішінәра болып жататын елдің өз ішіндегі ұсақ бас көтерулерден басқа көршілестер тарапынан Махамбетке дейінгі елге азын-шоғын дамыл беріледі.

Жалпы ру-тайпалардың қазақтағы ұғымы өзара жер-жерге бөлінісіп жүрген тобырлар секілді болып көрінгенімен, рулардың белгілі бір аймақтарды қоныс етуі – қазақ елінің шекараларын тұрақтандыруда да үлкен маңызы болған. Тарыдай шашылған рулардың немесе үш жүзге бөлінген қаймана халықтың орналасқан аймақтарының ғасырлар бойы сақталуының да өзіндік таптырмайтын заңдылығы бар. Қағаз бетіне түсіріліп, мөрі басылмаса да, әрбір ру-тайпаның бүгінгі күнге дейін тіршілік құрып отырған мекендері – сол данышпан ата-бабамыздың ру-ру болып бөлінгісі келгенінен емес, өрісін кеңейтіп, саны аз болса да халқын жылы аймақтарға ұйлықтыра бермей, ауқымына төрт климаттың шеңбері бір мезгілде айналып жататын далиған далаға тарыдай шашып орналастыруынан кең байтақ елдің заңды атамекені ұжымдасқан. Себебі, қай халықтың да пайда болған күнін, топ етіп жерге түскен мекенін ешкім әу бастан кесіп-пішіп бермегендігінен, ата-бабамыз соңынан еретін ұрпағы үшін жер бетінен ұшы-қиырсыз аймақтарды молынан қарпып, жерді де, елді де қорғаудан басқа бұл дүниесінде көрген рахаты болмаған. Сондықтан бүгінгі руға бөлініп бүлінгендердің де, жүзге бөлініп жүзі күйгендердің де дәл осыған қатысты дала заңдылығы мен ата-бабамыздың ешбір жерде жазып қалдырмаған географиялық қағидасының мән-мағынасын

дұрыс түсінуі ләзім. Себебі ру, тайпа, жүз категориялары бүгінгінің генеологиялық талас-тартыстары үшін емес, саяси мәні құпия сақталатын, тарихи кеңістіктерді кеңейткен сайын басы біріге түсетін ұлттық бірліктің құндылығы болып қалуы керек. Осы мәселеде де аға ұрпақтың көптеген ұлыстарды орап өтіп, тапқырлық танытқаны данышпандығы емес пе? Ру-тайпаға бөлшектеп ажыратқаны емес, ханнан да бұрын өзін-өзі басқаруды халықтың өз қолына арнайы табыстағаны емес пе? Өзін туған елде енді ұрпақтарын өрбітіп отырған әрбір рудың ертеңгі күніне деген сенімін ұялатып, тайлы-тұяғымен жер бетінде өмір сүру құқын сақтаудың да тізгінін өзіне ұстатып, бұл фәнидегі баға жетпес құндылықтың қойын-қонышындағы бар ырзығын да қалауынша үйіп-төгіп берді емес пе? Сондықтан да болар бұдан он бес ғасыр бұрынғы қазақтың да, биыл ғана шыр еткен шақалақтың да іңгәлағаны дәл осы мекеннен шығып, әлемге жар сап жатқаны?.

Аға ұрпақтың қай ісінің де талғамы биік, артық-кемі жоқ қорғасындай салмақты болатыны да, кеше айтқан сөзінен жаңылып, бір күндері қайта түзетіп жатпайтыны да – толғанып сөйлеп, талғап өмір сүруінің нәтижесі секілді.

Әсіресе ел намысын қорғаудағы ерекше қабілеттері өзінің тал бойынан өндіріліп, өз ақылы өзіне жетіп жататын бабалардың бұл үлгілері сүйектерімен бірге кеткен жоқ, әр қоғамдық қатынастардың тұсында қайта жаңғырығып, кәдеге жарап отырды. Мысалы, XVI ғасырда жүзге дейін ғұмыр кешкен Шалкиіз жыраудың юморға толы «Ер Шобан» жырындағы Шобан батырдың Кабардыдағы Биғазы деген ауқаттының екі жүзден астам жылқысын елге айдап бара жатқан жерінен Биғазының құныкерлері қуып жеткенде, қазақтардың оңайлықпен малды қайтармайтынын білсе де, қуып келіп тұрып кері бұрылып жүре беруге өзі де намыстанып, Шобан батырдан қасындағы тұрған адамдардың ішінде кімдер бар екендігін жай сұрай салады. Сонда Шобан батыр да іркілместен жан-жағын күдірейте сөйлеп, ауылдың жай барымташы сойқандарын батырларша бейнелеп, далыита таныстырады. Олардың кім екендерін жыға танымайтын кабардынның есін шығарып, «толайым хас батырлардың ортасына өз аяғыңмен келіп тұрғаның қалай» дегендей басымшылық көрсетеді.

Ат ұрлау түгілі елдің ой-қырын күзетуден босамай жүрген: Жұмай, Мәмбет, Сұлтан, Қоян, Жылым, Қолай, Жақсымбет, Жакан сынды батырлардың есімдері өздері сол жерде болмаса да бардай

етіліп, бірінен соң бірі аталып жатады, ал барымташы қу жігіттер еш сыр білдірмей, есімдері аталып жатқан батырлардың қалыбына түсе қалып, маңғаздылық танытады, «...мұншама көп батырға қылар амалымыз болмас» - дегендей, Биғазы шарасыздан Кабардысына кері аттанып кетеді. Қазақтың: «Ер болсаң бопсаға шыда» дегені осындайдан айтылса керек. Күнде алма-кезек барымталанып жататын келеңсіздеу дәстүрдің ушыққалы тұрған жағдайынан Шобан батырдың ойнақы әдісі шығынсыз құтқарып қалады. Қазақтардың осындай бір қысылған сәттерде оқыстан қисынын тауып, иландыра білетін қабілетін А.Янушкевич, А.И.Левшин, Я.П.Гавердовский, Е.И.Ерофеева секілді зерттеушілер өз еңбектерінде [6] ескеріп отырған.

Ал 1740 жылдары жиырма шақты адамымен шолғынға шыққан небәрі жылқы жасынан жана асқан жас Абылайды Қалдан Серен қапыда тұтқындайды. Қалдан Серенді тарихта осал жау етіп көрсетпейді, бірақ оның өзі тақілеттес ел басшыларына жай жауынгердей қарамайтыны және қазақ хандарының саясаттағы біліктілігіне қарай санасып та сыйласып та отырғандығы көп жағдайда ашық айтыла да бермейді. Сол кездің өзінде де жалпы халықаралық тәртіп бойынша ел басқарушылардың тұтқынға түскендегі жазасы басқаша болған. Өлімнен қорқуды білмейтін, арыстандай айбатты жас Абылайдың ішкі салмағын байқағысы келіп, Қалдан Серен құйтырқы сұрақтар береді. Өзін бірінші айтар ма екен деп жер бетіндегі ең тегеурінді ел басшысының кім екенін сұрағанында, Абылай: «... дүниедегі ең құдіретті әмірші – түрік кондыгері, одан соң орыстың ақ патшасы, солардан кейін екеуміз...» – деп жауап береді. Сонда Қалдан Серен басын шайқап рахаттана күліп алады да, шіміркеніп қорқуды немесе жалтақты білмейтін жас қазаққа таңдана қарайды.

Абылай өзінің батылдығынан ұтпаса ешқашан ұтылмаған саясаткер болатын, жас болса да Қалдан Сереннің басшы болуға лайықты ерекшелігін ол да жасырып қалмай: « Кіші халыққа бас болып отырсың, үлкен халыққа лайық басшысың...» - дегенінде, Қалдан Серен де: «...Осыдан жүз жыл бұрын туғаныңда жарты әлемді билейтін патша болатын екенсің...»[7] - деп Абылайға шын бағасын береді және сол жолы қазақ пен қалмақ арасы бітімге келеді де, екі ел арасында тоғыз жылдай тыныштық орнайды.

Әдебиеттегі тарихи тұлғалардың бейнесі осылайша ақтарыла суреттелуінен және олардың өмірлерінің ірілі-ұсақты штрихтерінің қанықтығынан болмыс-бітімдері зорайып, биіктей түседі. Соңғы



жылдары тарихшы ғалымдар мен әдебиетшілерден талап етіліп отырған мәселенің бірі де - осы. Ұлттық тарих иісі қазаққа жұғымды болсын десек, ел тарихын әдебиетінен бөлмей немесе әдебиетінің кіндігін ел тарихынан үзбей, бір қолымызбен ту ұстап, бір қолымызбенен жыр уыстап, ел тағдырын өкше басқан ұрпақтың өз тағдырындай бойға дарыта білуіміз керек.

Әлбетте, тарих бір мезгіл өзінің хронологиясының шеңберінен шығып, әдебиет те көркемшіл қиялының бесігінде тербеле бермей, М.О.Әуезов айтқанындай: «Тарихты әдебиетпен образдап, әдебиеттің қабырғасын баба тарихпен қатайту керек»[8] дер едік. Себебі әдебиеттегі тарихтың образдалуы – тарихи оқиғаларды жай тізбектеумен шектелмей, объективті тарихи уақыт пен кеңістіктің ауқымындағы белгілі бір дәуірдің төл уақыты мен кеңістігінде болған жайлардың ірілі-ұсақты мәселелеріне аса зер салып, мән-мағынасын ашу арқылы жүзеге асырылады.

Образдау – рухани-материалдық ортаның күнде көріп жүрген жайларын жаңа ғана алғаш рет көргендей етіп бейнелеу немесе қызметі мен конвенциясы жоғалып, тіпті санадан да орын алудан қалып бара жатқан құбылыстардың да заманауи үдерісін тауып, барлық өркениеттің игілігіне жарайтындай тынысын ашу деген сөз.

Сол себептен де сан алуан жекелеген ілімдердің басын жымдастыратын әдебиет секілді ірі жанрдың өзегінен тыс қалатын қазақ тіршілігінің ешбір қалтарысы жоқ және жоғарыда сөз болған мәселе де қазақ елшілігінің ауыл ішіндегі жай ерекшелігі ғана емес, бұл - өзге ұлыстарда көп кездесе бермеген, тыныштықты жаны қалайтын қазаққа септігі көбірек тиген елдестірудің қазақы амал-шарғысы деуге болады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Цицерон М.Т. Три трактата об ораторском искусстве. - М., 1972.
- 2,3,4 - мәтіндер Батырлар жырларының I, VI томдарынан. Алматы. 1960, 1990.
5. Тілеужанов М.М. Батыс Қазақстан фольклорлық мұраларынан. III том. Орал, 1958.
6. Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. А., 1979.; Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сырдарынской области. Ташкент. 1889. т.I. Юридический быт.; Ерофеева И. Хан Абулхайыр: полководец, правитель и политик. А: «Санат», 1999.
7. Мағауин М. Қазақ тарихының әліптесі. А: «Қазақстан», 1995.
8. Ауэзов М.О. Мысли разных лет. – Алматы, 1959.

\*\*\*

*В статье рассматриваются исторические личности, нашедшие самые актуальные решения в сфере дипломатических отношений.*

\*\*\*

*The article deal examples of historical people's life who had found the most relevant decisions in diplomatic relations.*